

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігі

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті



Министерство
образования и науки
Республики Казахстан


Костанайский
государственный университет
имени Ахмета Байтурсынова

Байтұрсынов оқулары

Байтурсыновские ЧТЕНИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ



апрель, 2013

Часть 2

УДК 811.512.122

М. Х. ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХИ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ КӨРКЕМДІГІ МЕН ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразбаева А.С. – ф.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Мазмұндама

Мақалалда Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегі XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің дамуындағы ерекше орны бар қазақ әдебиеті тарихында шежіре жанрында жазба дәстүрде жазылған алғашқы көркемтарихнамалық шығармалардың бірі екендігі айтылады.

Негізгі ұғымдар: шежіре, көркемдік, тілдік ерекшеліктер, көркемдегіш құралдар, тілдік құралдар

XV- XVII ғасырларда қазақ хандықтарының өмірге келуімен бірге қазақ қоғамында шағатай тіліне негізделген жазба дәстүр орныға бастады. Әлем әдебиетінде көркемтарихнамалық шығармалар деп аталатын қазақ тарихын баян ететін шежірелік шығармаларды шағатай тілінде жазу дәстүрі басталды.

Аталған ғасырларда авторлы шежірелік шығармалар қазақ әдебиеті тарихы үлгілерінің қатарынан жазба дәстүрінде орын алған. Сол кезеңдердегі шежірелік шығармалардың ішінен тіл ерекшеліктерімен дараланатын қазақ әдебиеті тарихы жәдігерліктерінің бірі 1556 жылы жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегі. Бұл еңбек сол кездегі жазба әдеби тіл қолданысы болған парсы-шағатай тілінде жазылған және 1895, 1898 жылдары Лондонда ағылшын тілінде жарық көреді де, осы аударма нұсқасы арқылы әлемге таралады. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің әлемге таралуына үлес қосқан бұл еңбектің толық нұсқасы 2003 жылы қазіргі қазақ тілінде жарық көрді.

Профессор Ә.Дербісәлі бұл еңбектің жазылу тарихына байланысты былай дейді: «Тарихи-и Рашидиді» ол «екі дәптерге» (екі бөлімге) бөледі. Әйткені бұрын-соңды тарихи шығарма жазып көрмегендіктен, еңбегін өзі көріп бастан кешкен, естіген немесе жадында сақталған оқиғаларды баяндаудан бастайды» [1, 174 б.].

Көрнекті ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасының қазақ әдебиеті тарихындағы жазба дәстүрлі шығармашылықтың көрнекті үлгісі екендігін танимыз.

«Тарихи-и Рашидидің» бірінші кітабы негізінен лирикалық өлеңдерден тұрады. Сонымен қатар, ол өлеңдер түрлі тақырыптарда сол кездегі қоғамдағы басты мәселелерді қамтиды. Автордың дүниетанымы бойынша сол кездегі қоғамдық-психологиялық басты мәселелер – Жаратушы Алланың құдіретін мойындау, адал болу, отан үшін соғысу, парасатты ақылмен өмір сүру т.б.

Өлеңдерде қамтылатын басты мәселелердің бірі – бүкіл тіршілік жағдайлары Жаратушы Алланың құдіретімен болатынын айту. Сол арқылы автор көпшілікті имандылыққа, даналыққа үн-

дейді. Имандыларға даналық, имансыздарға нағандық қасиеттерін ұйғарған Алланың құдіретін мойындауға шақырады:

Алламызды барынша беремін деп сипаттап,

Шын пенделік жасадым, енді отырмын қаптап.

Жалғыздығын Алланың есіме алсам күйемін,

Дірілдейді жүрегім, сырқырайды сүйегім.
Өуре болма бекерге ақыл-ойға елеңдеп,
Құдайдан басқа түк те жоқ, ештеңе жоқ
әлемде [2, 40 б.].

Алланың нұры арқылы адамзаттың өсіп-өркендеуі – дәлелденген ақиқат. Адамзаттың барлық жеңісінің ұлы жебеушісі Алла мен халық тілегінің тұтастығын толғана жырлайды:

Құзырында жеңісі Алла берер артынын,
Ал соңында сенімді қолдаушысы – халқы бар [2, 71 б.].
Адамзат іс-әрекетінің жемісі Алланың бұйрығымен келетінін айтады:

Өз бетімен келмейді терең жеміс тамыры,
Ол –Алланың қолдауы, ол – Алланың өмірі [2, 85 б.].

Жоғарыдағы өлең жолдарынан ақынның дидактикалық-эстетикалық көзқарастары танылады. Бұл – шығарманың әдеби сипаттарын айқындайтын қырлары.

XV-XVII ғасырлардағы шежірелік шығармалар күрделі тіл ерекшеліктерімен де дараланады. Жазба дәстүрдің енді қалыптаса бастаған балаң кезінде де қазақ әдебиеті тарихы үлгілері болып табылатын, әлем әдебиетінде көркемтарихнамалық жанға жататын төл әдебиетіміздегі шежірелік шығармалар мәтінінің құрылысы қазіргі тілімізде бар грамматикалық категориялар заңдылықтарына толық жауап бере алады деп айтуға болады.

Жоғарыдағы өлең жолдарына талдаулар жасау арқылы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-и Рашиди» шығармасы мәтінінің грамматикасы қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылысына сәйкес келетіндігін аңғару қиын емес.

«Тарихи-и Рашиди» XVI ғасырда қазақ тарихын баян ететін поэзия жанрында жазылған шежіре. Бұл кезеңдер жалпы қазақ қоғамындағы жазба дәстүрдің енді басталған шағы екендігін

жоғарыда айтып өттік. Соған қарамастан, «Тарихи-и Рашидидегі» лирикалық өлеңдердің мәтіндерінің құрылысы ХХ-ХХІ ғасырлар поэзиясы мәтіндерімен ұқсас келеді деп айта аламыз. Өйткені, бұндағы өлеңдердің сөйлем құрылыстарынан қазіргі қазақ тілінің сөйлем құрылымының заңдылықтарын табуға болады:

Алламызды барынша беремін деп сипаттап,

Шын пенделік жасадым, енді отырмын қипақтап [2, 40 б.].

Бұл өлең жолдары құрылымы жағынан құрмалас сөйлемге жатады. Сонымен бірге, сөйлем құрылымының тілдің грамматикалық заңдылықтарын сақтай отырып, әдеби тілдік нормаға сай құрылғандығын көреміз. (Мұндай өлең жолдары «Тарихи-и Рашидиде» көптеп кездеседі.). Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері т.б. қазіргі тілдік заңдылықтармен құрылған. Осыдан бірнеше ғасырлар бұрынғы өлеңдердің мәтіндері сөйлемдерінің құрылымын қазіргі грамматика тұрғысынан талдау жұмыстары ешқандай қиындық келтірмейді. Бұның өзі сол кездерде-ақ қазақ әдеби тілдік нормасының бар екендігін көрсетеді. Ал жазба дәстүрдің енді қалыптаса бастаған балаң кезінде жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегі қазақ әдеби тілінің нормасының сол кезеңдердің өзінде-ақ қалыптаса бастағандығын аңғартады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің өлеңдерінде қамтылатын тағы бір мәселе – ел қорғау, жаугершілік тақырыбы:

Бірақ сарбаз кей кезде өзгертеді іренді,

Бір аттылы батырмен жеңе аларсың бір елді [2, 58 б.].

Жаугершілік тақырыбына жазылған өлеңдерде ақынның елге деген сүйіспеншілігі, патриотизмі жырланады. Оны ақын соғыс кезіндегі батырлардың іс-әрекетін суреттеу, жырлау арқылы білдіреді:

Сілтегенде бұл батыр, семсерінің жарқылы,

Сойып жатқан секілді күн сәулесі арқылы.

Арыстандай айбатты мұндай мықты қайда бар,

Дулығасы темірден, ал астында айдаһар [2, 69 б.].

Көрнекті ғалым Р.Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деп аталатын еңбегінде қазақ әдебиеті тарихындағы жаугершілік тақырыбына жазылған шығармалар жөнінде: «... ел қорғауды, жаугершілікті жырлауға керек образдар бұларда молынан орын алады, өйткені XV-XVIII ғасырлар қазақ халқының жері мен елдік тәуелсіздігі үшін сыртқы жаулармен соғыстардың заманы. Бұл дәуірлердегі поэзия иегерлері көбінесе жыраулар болып, ел қорғау, жауға аттану сияқты әскери тақырыптарды жырлағандықтан, осыған қатысты сөздер мен образдар мұнда молынан орын алады», - дейді [3, 100 б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидің өлеңдерінде көркемдегіш тілдік құралдар - образ жасайтын фразалар көптеп қолданылады. Өлең жолдарындағы семсерінің жарқылы, арыстандай айбатты, астында айдаһар, көк сауыт, от берді сияқты тіркестер өлең тілінің көркемдік дәрежесінің жоғары екендігін және де ақынның индивидуалдық стилін көрсетеді. Бұндай тілдік көркемдегіш құралдардың жаугершілік тақырыбына жазылған поэзия үлгілерінің табиғатына тән екендігін көрнекті ғалым Р.Сыздықова жоғарыда аталған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде былай деп атап көрсетеді: «Жаугершілік мазмұнды тұтас шумақтар немесе жеке тіркестер мен сөздер - XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің сипатты белгілерінің бірі» [3, 101 б.].

Ақын өлеңдеріндегі тағы бір назар аударатын жай - өлең ұйқастарын құраудағы грамматикалық тәсілдердің қолданылуы. «Тарихи-и Рашидиде» етістіктің көсемше және есімше категорияларының жұрнақтары өлең ұйқасын құрауда өте активті түрде қолданылған:

Қайғы бұлты аспанды тұрған кезде торламай,

Қойғаны деп тағдырдың біздің істі оңдамай.

Жылау мүлде жөн емес алдын ала ойбайлап,

Болашақта көрерміз қояр болса қол байлап,

Жердің асты күркіреп, жердің үсті дүркіреп,

Көк аспанды кәдімгі көк найзалар тұртіреп.

Ақырзаман келгендей тірі пенде шырқырап,

Құлағынды тұндырар арғымақтар шұрқырап,

Қытай кетер кәдімгі тас құдайға табынған,

Заман кетер заңымен, билік кетер тағынан.

Түйелер де кетеді дала кезген, шөл кезген,

Сұлтандар да жоғалар қылығынан ел безген,

Боқ дүние ешқашан ешкімге опа бермеген,

Істегендер жақсылық одан зиян көрмеген [2, 151 б.].

Көсемше және есімше (-й, -п, -ған, -ген) грамматикалық формаларына аяқталған ұйқастар ақын өлеңдерінің көпшілігіне тән. Сонымен бірге, сөйлемдердегі көсемше және есімшелердің грамматикалық қызметтері қазіргі қазақ тілі синтаксисі заңдылықтарына сәйкес келеді деп айтуға болады. Грамматика заңдылықтары бойынша сөйлемде көсемшелер етістіктің алдынан келсе, анықтауыш болады, сонымен бірге, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің тиянақсыз баяндауышы болады; есімшелер контекстке қарай анықтауыш болады, соны-

мен бірге баяндауыштық қызмет атқарады деген анықтамаларға өлеңдердегі көсемшелер мен есімшелердің синтаксистік қызметтері сәйкес келеді.

Өлеңдердің мәтіндеріндегі сөздердің жасалуы, морфологиялық түрленуі, сөздердің бір-бірімен байланысуы, сөйлемдердің құрылысы, қазіргі кезде қазақ тілінде бар грамматикалық амал-тәсілдердің көмегімен жүзеге асқан. Сонымен бірге мәтіндерде көнерген грамматикалық формалар кездеспейді. Тіл дамуының белгілі бір кезеңдерінде кейбір грамматикалық формалар активті түрде қолданылғанымен келе-келе олар пассив формаларға немесе қолданылмайтын көне формаларға айналуы мүмкін. Кейде сөздің түбіріне кірігіп кеткен өлі формаларға айналуы сияқты тілдік құбылыстар қазақ тілі грамматикасы дамуында көптеп кездеседі. Ал «Тарихи-и Рашидидегі» өлеңдер мәтіндерінде грамматикалық формалардың қолданылуы қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстардан айырмашылығы жоқ. Бұның өзі аталған ғасырларда дамыған қазақ әдеби тілінің болғандығын көрсетеді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегі XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің дамуындағы ерекше орны бар қазақ әдебиеті тарихында шежіре жанрында жазба дәстүрде жазылған алғашқы көркемтарихнамалық шығармалардың бірі. XV-XVII ғасырлардағы төл әдебиетіміздің көрнектілерінің бірі «Тарихи-и Рашиди» өлеңдері мәтіндерінің лексика-грамматикалық сипаттары дамыған әдеби тілдің табиғатына жақын, сондай-ақ өлеңмен жазылған көркемтарихнамалық шығармалар қазақ әдебиетінің поэзиялық дара болмысының поэтикалық қуаттылығын дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1 Ә. Дербісәлі қажы. Ислам және заман. – А., 2003. – 277 [1] б. – 3000 дана. —ISBN 873-254-118-8.

2 М.Х. Дулати. Тарихи-и-Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). – А., 2003. – 170 [2] б. – 1000 дана. —ISBN 791-475-214-7.

3 Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1993. – 277 [3] б. – 3000 дана. —ISBN 579-403-181-9.

УДК 378.14:377.5

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ – ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Беркенова Г.С. – п.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің психология және педагогика кафедрасының доценті

Турсумбаева Н.Ж. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты

Мазмұндама

Бұл мақалада ЖОО-да студенттердің өзіндік жұмыстарының өсу епінділігіне аса көңіл бөлініп, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда оқытушының рөлі, студенттің тұлғалық мінездемесінің маңыздылығы, бақылауы, тиімділігі жайлы ең өзекті аспектілері, оқу белсенділік түрлері келтірілген.

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру процесі жатады. Жоғары оқу орнында студенттердің жалпы және арнайы дағды, білік, білімдер жүйесін қамтамасыз етіп қоймай, білімді өз бетімен игеру қажеттілігін қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар қазіргі уақытта ғылыми-техникалық ақпараттар ағынының орасан зор болуы оны оқытудың қысқа мерзімінде оқу бағдарламасына сыйдырып, студенттер санасына жеткізуде қиындықтар туғызады. Өз бетімен жұмыс оқытушы студенттің сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы әрекетін ұйымдастыратын оқытудың дидактикалық құралы болып келеді. Сыртқы өзіндік жұмыс оқыту-

дың құралы ретінде әр түрлі тапсырмалар түрінде берілсе, ішкі өзіндік жұмыс студенттердің оқу енетін танымдық және практикалық тапсырмалар түрінде өрнектеледі. Студенттердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар, мысалы, Ястребова Е.Б., Ереңский М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А., т.б үлкен мән беріп, зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге студенттер жай ғана беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып ғана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни студенттерді оқи білуге үйрету маңыздырақ. Студенттердің өзіндік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

МУХАТАЕВА А.Ж.	ПРИНАДЛЕЖНОСТИ ВОИНСКОГО СНАРЯЖЕНИЯ БАТЫРА (ПО МАТЕРИАЛАМ КАЗАХСКОГО ЭПОСА).....	11
ИСМАЙЛОВ С.С. НҰРҒАЛИЕВА Г.Т.	ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	114
N. MONGILYOVA K. BAYKANOVA	ETHNOCULTURAL SPECIFICITY OF STEREOTYPES ABOUT IDEAL FAMILY IN ENGLISH, KAZAKH AND RUSSIAN CULTURE.....	116
<u>ОРАЗБАЕВА А.С.</u>	<u>М. Х. ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХИ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ КӨРКЕМДІГІ МЕН ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</u>	<u>120</u>
БЕРКЕНОВА Г.С. ТУРСУМБАЕВА Н.Ж.	СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ – ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ.....	122
САРКИСЯН Л.В. УРБОНАЙТЕ А.В.	ГЕНЕЗИС ПОНЯТИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ В ЗАРУБЕЖНЫХ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ.....	125
РУМЯНЦЕВА М.В. САВИЦКАЯ И.П.	ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭТНИЧЕСКОЙ, КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ И ЯЗЫКОВОЙ КАРТИН МИРА.....	128
АЙДНАЛИЕВА А.Т.	ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ МОДЕЛЕЙ УПРАВЛЕНИЯ СИСТЕМОЙ ОБРАЗОВАНИЯ В НОВЫХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ.....	131
АЛПЫСПАЕВА З. Т.	О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ И ПЕРСПЕКТИВАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ МУЛЬТИЛИНГВИЗМА В ОБЛАСТИ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ.....	135
АЛТЫБАЕВА А.Б.	ТІЛДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІН МОДУЛЬДІ ОҚЫТУ.....	138
БАЙДАЛЫ Р.Ж. АНАСОВА А.Б.	ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДЕРЕКТЕРДІҢ ОРНЫ.....	141
КАРАБУЛАТОВА И.С. АХМЕТОВА Б.З.	ИЗ ИСТОРИИ РУССКИХ ГОВОРОВ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА (РОССИЙСКО - КАЗАХСТАНСКОЕ ПРИГРАНИЧЬЕ).....	143
БАЙДАЛЫ Р.Ж. АНАСОВА А.Б.	Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	147
КӨКЕБАЕВА Ө.Х. ДАРИБАЕВА Ж.А.	СТУДЕНТТЕРДІҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ.....	149
ЕЛЬЧИЩЕВА О.В.	ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЖЕНЩИН С ПЕРВОЙ БЕРЕМЕННОСТЬЮ.....	152
ЕРГАЛИЕВА Д.С. ИОЗ А.В.	К ВОПРОСУ О ВООРУЖЕНИЯХ СОВЕТСКИХ И НЕМЕЦКО-ФАШИСТСКИХ ВОЙСК ВО ВРЕМЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ И В ПРЕДВОЕННЫЙ ПЕРИОД.....	154
ЕРИШЕВА Т.А.	КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	157
ЖАЛКЕВИЧ В. Т.	ПРОЕКТ КАК ОДНА ИЗ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ	161
ЖОЛДЫБЕК Г.Ж.	ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	163